

Жобаның жарғысы

Жобаның атауы	«Әр оқушыға білім алуда – бірдей мүмкіндік»
Бастамашы	ШҚО білім басқармасы
Демеуші	Жеке кәсіпкерлер, ірі компаниялар, бизнесмендер, БАҚ, «Парыз» қайырымдылық қоры
Жобаның басшысы	ШҚО білім басқармасының басшысы
Бекітілген күні	01.02.2021ж
Дайындаған	Тұрсын Н.Қ., Қозыбаева Б.Ж., Мира, Темирлан
Жобаның миссиясы	Қашықтықтан білім алуда әлеуметтік жағдайын ескеру негізінде оқушыларға бірдей жағдай жасау . Пандемия уақытында оқушылардың білім сапасын сақтап қалу Қоғам игілігін қамтамасыз етуге бағытталған ақысыз көмек көрсету
Бастаманы негіздеу	<p>Пандемия уақытында оқушылардың компьютерлік техника арқылы қашықтан оқуға қатысуы және білім сапасын сақтап қалу басты міндет болып табылады. Ол үшін оқушылардың үйінде компьютерлік техника болу қажет. Қазіргі уақытта облыс бойынша барлығы 193212 оқушы бар, оның 36530 білім алуға техникамен қамтылмаған.</p> <p>Облыс мектептерінде 37000 техника бар, алайда оның 27000 ескі техника болғандықтан жұмыс жасау мүмкін емес. Қалған 10000 техниканы мектептер аталған оқушыларға берілді. ҚР Үкіметі резервінен сатып алынған 26000 компьютерлік техника да оқушыларға таратылды. Барлық оқушылар компьютермен қамтамасыз етілді. Компьютерлік техниканың аздығына байланысты 1 отбасыға 1 компьютерден берілді. Ары қарай оқу үдерісін зерттеу барысында көпбалалы және аз қамтылған отбасылардағы бала саны 4-5, кейбір отбасыларда одан да көп екені белгілі болды. Біздің жобаның мақсаты аз қамтылған және көп балалы отбасындағы оқушыларды қосымша компьютермен қамту. Өйткені балаларда сабақ 1 уақытта болады. Сондықтан да кейбір балалар сабаққа телефон арқылы ғана кіре алады. Ал телефон арқылы кірген балада қашықтан оқудың барлық мүмкіндіктерін толығымен пайдалана алмайды.</p> <p>Зерттеу нәтижесі бойынша 530 оқушыда (132 отбасы) компьютерлік техника жоқ.</p>

	Сондықтан біздің жоба ірі компанияларды, жеке кәсіпкерлерді және бизнесмендерді тарта отырып осы категориядағы оқушыларды компьютерлік техникамен қамтамасыз етуге бағытталған.
Жобаның мақсаты	Облыстағы 132 аз қамтылған және көп балалы отбасыларды 530 компьютерлік техникамен 2021 жылғы 1 тамызға дейін қамтамасыз ету Оқушылардың қашықтан білім алу мүмкіндіктерін толық пайдалануға мүмкіндік жасау Пандемия уақытында оқушылардың білім сапасын сақтап қалу
Жобаның міндеттері	1- аз қамтылған және көп балалы отбасылардың компьютерлік техникамен қамтамасыз етілуіне мониторинг жасау 2 – қажеттілікке байланысты компьютерлік техника берілетін мектеп тізімін және оқушылар тізімін бекіту 3- қайырымдылық акциясының жобасын жасау және бекіту 4- компьютерлік техникаға техникалық сипаттама әзірлеу және бекіту 5 - БАҚ көмегімен акцияны халық арасында кеңінен тарату (желілерде, телевидениеде) 6 - демеушілерді іздеу 7 - демеушілермен келіссөздер жүргізу 8 – демеушілердің ақшалай қаражаттарын «Парыз» қайырымдылық қорына аударуы 9 – компьютерлік техниканы сатып алатын өнім берушілерді іздеу 10 - өнім берушілер, білім бөлімдері, білім басқармасы және «Парыз» қайырымдылық қоры арасында 4 жақты келісім шарт жасау 11 – өнім берушілердің компьютерлік техниканы мектептерге жеткізіп беруін қадағалау 12 – мектептердің компьютерлік техникаларды толығымен және техникалық ерекшелікке байланысты қабылдап алуы және мектеп балансына тіркеуі 13 - Мектептердің бекітілген оқушылар тізіміне сәйкес оқушыларға таратып беруі 14 – қорытынды құжаттама дайындау және жобаны жабу
Жобаның сәттілігін бағалаудың мақсаттары мен өлшемдері	1. 530 компьютерлік техниканы қамтуға келіскен демеушілер 2. Компьютерлік техниканың дайын сипаттамасы 3. 530 компьютерлік техниканың сатып алынғаны 4. сыйланған компьютерлер және тұтынушылардың алғысы
Жобаның өнімі	компьютерлік техникамен қамтылған көпбалалы және аз қамтылған 132 отбасы

Жоба қатысушылары	ШҚО білім басқармасы, жоба командасы, ірі компаниялар, бизнесмендер, БАҚ, оқушылар, өнім берушілер
Жобаның мүдделі тараптары	ШҚО білім басқармасы, білім бөлімдері, мектептер, жоба командасы, ірі компаниялар, бизнесмендер, БАҚ, оқушылар, өнім берушілер, «Парыз» қайырымдылық қоры
Жоба бойынша болжам: - күні бойынша; - құны бойынша;	01.02.2021-01.08.2021 1 техниканың бағасы шамамен – 150000 теңге, Жобаның құны - 79 500 000 теңге
Жобаның шектеулері	<ul style="list-style-type: none"> - Компьютерлік техника сапасының төмендігі - Демеушілердің аздығына байланысты қаражаттың жетпеуі - Демеушілердің табылмауы - Компьютерлік техниканың уақытында келмеуі - Эпидемиологиялық жағдайдың үдеуі - Нарықта компьютерлік техника бағасының қымбаттауы - Форс-мажор
Жобаның басымдықтары	Уақыт – пандемия жағдайы аралығында
Жобаның	1.09.2021 ж
Жобаның негізгі (кезеңдері)	Мониторинг – 14 күн 01.02-14.02.2021 Техникалық сипаттама – 10.02.2021 Жарнама – 1 ай 01.02-28.02.2021 Демеушілер іздеу –3 ай (ақпан-сәуір) Компьютерлік техниканы сатып алу және жеткізу – 2 ай (мамыр-маусым) Техниканы оқушыларға тарату – 10 күн (тамыз)